



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 106-1772 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы және оған қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган жергілікті атқарушы орган – Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Әкімдік) болып табылады.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынның уәкілетті органы (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

3. Кәсіпорынның толық атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Кәсіпорынның қысқартылған атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК.

4. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 64-ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

5. Кәсіпорын оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлға құқығын алады.

6. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

7. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

8. Кәсіпорын жасаған және міндетті мемлекеттік тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де тіркеулерге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген сәтінен бастап жасалынған болып саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа жоғары технологиялық, мамандандырылған, білікті медициналық, сондай-ақ амбулаториялық-емханалық көмек көрсету болып табылады.

11. Кәсіпорын қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Балаларға мына мамандықтар бойынша толық көлемде жоғары мамандандырылған, мамандандырылған, білікті стационарлық және амбулаториялық медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету:

хирургиялық: жалпы хирургия, іріңді-септикалық хирургия, пластикалық хирургия, нейрохирургия, оториноларингология, офтальмология (көздің микрохирургиясы), бет-жақсүйек хирургиясы, стоматология, урология, травматология және ортопедия, комбустиология;

анестезиология және реаниматология;

педиатрия: нефрология, неврология, реабилитология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, пульмонология, эндокринология;

аллергология (иммунология), гематология, токсикология;

трансфузиология және эфферентті терапия;

сәулелі диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, магнитті-резонанстық томография, компьютерлік томография;

зертханалық диагностика: жалпы клиникалық, бактериологиялық (полимеразды тізбекті реакция, ауа-тамшы инфекциясы, ішек инфекциясы, серологиялық зерттеу, аса қауіпті инфекциялар, зарарсыздықты зерттеу, ауруханаішілік бақылау), биохимиялық, иммунферменттік, цитологиялық зерттеулер;

функционалдық диагностика: электроэнцефалография, реоэнцефалография, электрокардиография, эхокардиография, спирография;

2) балаларға келесі мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсету:

терапиялық бейіндегі: пульмонолог, невропатолог, сурдолог, гематолог, гепатолог, онколог, эндокринолог, гастроэнтеролог, кардиолог, ревматолог, аллерголог, нефролог, дерматолог, психотерапевт, реабилитолог, инфекционист, физиотерапевт, инеререфлексотерапевт;

хирургиялық бейіндегі: офтальмолог, оториноларинголог, травматолог-ортопед, хирург, пластикалық хирург, уролог, гинеколог, бет-жақсүйек хирургі, стоматолог, стоматолог-ортодонт, эндоскопист, проктолог;

педагогикалық бейіндегі мамандар: логопед, психолог, дефектолог, сурдопедагог, сурдолог, психолог, психотерапевт;

клиникалық-диагностикалық зертхана: жалпы клиникалық, бактериологиялық, полимеразды тізбекті реакция, биохимиялық, иммунферментті зерттеулер;

сәулелі диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, ультрадыбыстық доплерография;

функционалдық диагностика: электроэнцефалография, реоэнцефалография, электрокардиография, эхокардиография, электромиография;

сараптау: еңбекке уақытша жарамсыздықты сараптау, медициналық көмек көрсету сапасын сараптау;

ректороманоскопия кабинеті;

колоноскопия кабинеті;

3) аурудың жіті түрлері, жарақат кездерінде жүгінушіге қызмет көрсету ауданына және жасына қарамастан жедел әрі шұғыл медициналық көмек көрсету;

4) науқастарды емдеу және диагностика, алдын алу заманауи әдістерін әзірлеу және жұмыс тәжірибесіне енгізу;

5) санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызметті ұйымдастыру және жүргізу;

6) лицензия негізінде дәрілік заттар, медициналық техника бұйымдарын сатып алу, дәрілік нысандарды дайындау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету шеңберінде дәрі-дәрмек, алдын алу (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сатып алуды жүзеге асыру;

8) елорданың емдеу мекемелеріне білікті консультация беру;

9) жоғары медициналық оқу орындарымен, колледждермен шарт жасасу негізінде мамандарға диплом алды және дипломнан кейінгі дайындық жүргізу; шеберлік сыныптары, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормалардың шеңберінде шарттық негізде халыққа және ұйымдарға ақылы медициналық қызмет көрсету;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормалардың шеңберінде халыққа ақылы медициналық қызмет көрсету.

Кәсіпорын міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлерін тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

12. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

13. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәмілесі жергілікті атқарушы органның не прокурордың талапарызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Басшының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

15. Әкімдік:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Кәсіпорынның басшысы және атқарушы органы уәкілетті орган лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын директор болып табылады.

17. Кәсіпорынды жалпы басқаруды Уәкілетті орган жүзеге асырады, ол белгіленген тәртіпте:

1) Кәсіпорын қызметіне мониторингті және бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және олардың орындалуы бойынша жоспарларды қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Мекеменің директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын (орынбасарын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Директорды тағайындау, оған аттестаттау жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, басшының бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы аудармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

20. Кәсіпорын директоры Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі мен мүліктің сақталуына дербес жауапты болады.

Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

21. Кәсіпорын директоры Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

22. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Кәсіпорын директоры:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банкілік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады.

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорын қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері директорларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары және өкілдіктері туралы ережені бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Кәсіпорынның басқару органы қадағалаушы кеңес болып табылады, ол белгіленген тәртіпте:

1) Кәсіпорынның даму жобасы бойынша уәкілетті органға оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарын орындау туралы есеп жобасын келіседі, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмек, қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын негізіндегі қалған таза табыс бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаражатты және қосымша көздерден алынған қаражатты мақсатты пайдалануды бақылау үшін Кәсіпорын және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражатты мақсатты пайдаланғанына тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

5) Кәсіпорынның директорын тағайындау және олармен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның ұсынысын келіседі;

6) ұжымдық шарт әзірлеуге қатысады және Кәсіпорынның қызметкерлеріне, директорына, оның орынбасарлары мен бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, Кәсіпорынның даму жоспарымен бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен сыйлықақы және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешім қабылдайды;

7) Қадағалаушы кеңес хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақы көлемін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар өңдейді;

10) Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

11) Кәсіпорын өкілдіктерінің құрылуы, филиалдардың құрылуы және жабылуы туралы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

12) Кәсіпорынның бақылаушы кеңесінің отырысы қажетіне қарай, алайда кемі тоқсанына бір рет өткізіледі;

13) Кәсіпорынның бақылаушы кеңесінің отырысын өз бастамасы бойынша, қадағалаушы кеңестің мүшесі уәкілетті органның немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның директорының талабы бойынша оның төрағасы шақыртады.

14) Кәсіпорынның бақылаушы кеңесінің отырысы егер қадағалаушы кеңестің барлық мүшелері оның өткізу уақыты мен орны туралы хабарланса, отырысқа қадағалаушы кеңес мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып табылады. Қадағалаушы кеңес мүшесі қадағалаушы кеңестің басқа мүшесіне немесе жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) өзінің даусын беруге жол берілмейді;

15) қадағалаушы кеңестің әр мүшесінің дауыс берген кезде бір дауысы болады. Дауыстар тең түскен жағдайда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қадағалаушы кеңесінің төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

16) қадағалаушы кеңестің шешімі жазбаша нысанда ресімделеді және оған қадағалаушы кеңестің барлық мүшелері қол қояды,

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

5. Кәсіпорынның мүлкі

25. Кәсіпорынның мүлкін құны теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

26. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

27. Кәсіпорынның мүлкі есебінен қалыптастырылады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде (ақшалай табыстарды қоса алғанда) сатып алған мүлік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

28. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік болуы мүмкін.

29. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорынның келісім шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне келіп түседі.

31. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынның меншік иесі Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

32. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

33. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 35-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

34. Осы Жарғының 29-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде Кәсіпорыннан мүлік алынып қойылған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығы тоқтатылады.

Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда мыналар жатады:

шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылып жүрген мүлікті алып қою.

35. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Әкімдік Кәсіпорынға алып қойған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

36. Кәсіпорын Әкімдіктің жазбаша келісімімен уәкілетті органның ұсынымы бойынша филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.

37. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес иелік етеді.

38. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 36 және 37-тармақтарында көрсетілген мүлікке қатысты жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын өз еркінше пайдаланады.

6. Қызметті қаржыландыру

39. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

40. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның белгіленген нормативтер бойынша таза табысының бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударуға жатады.

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

41. Кәсіпорын өндіретін өнімін дербес жүзеге асырады.

42. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынып, осы Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асыру арқылы алған табыстары, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралып жүзеге асырылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Жарғылық капитал

43. Кәсіпорынның жарғылық капиталының көлемі 808604814 (сегіз жүз сегіз миллион алты жүз төрт мың сегіз жүз он төрт) теңге 44 тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезіне толығымен қалыптастырады.

8. Есепке алу және есептілік

44. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Кәсіпорын басшысы бекіткен есептік саясатқа сәйкес халықаралық қаржы есептілігі стандартына сәйкес уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.

45. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

46. Кәсіпорын қадағалаушы кеңеспен жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді, ол кәсіпорын қаражаты есебінен қадағалаушы кеңес, басшы, Әкімдіктің бастамасы бойынша жүргізілетін болады.

9. Жауапкершілік

47. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

48. Мемлекет құрылтайшының іс-қимылдарынан туындаған банкроттық жағдайын қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін соңғының қаражаты жеткіліксіз болған кезде кәсіпорынның міндеттемесі бойынша жауап береді.

10. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу

49. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Әкімдік белгілейді.

50. Еңбекақы төлеу нысандарын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін Кәсіпорын белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды.

51. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Әкімдік белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

52. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

53. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Ұйымдастыру және тарату

54. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Әкімдік жүзеге асырады.

56. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан қалған мүлкін Әкімдік қайта бөледі.

Таратылған Кәсіпорынның, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан қалған ақшасы, оған қоса Кәсіпорын мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражаты тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

57. Кәсіпорын Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Әкімдік енгізеді.

Приложение к постановлению
акимата города Нур-Султан
от 30 декабря 2019 года
№ 106-1772

Устав
Государственного коммунального предприятия
на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская детская
больница № 2» акимата города Нур-Султан

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская детская больница № 2» акимата города Нур-Султан (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Учредителем Предприятия и органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права государственной коммунальной собственности, является местный исполнительный орган – акимат города Нур-Султан (далее – Акимат).

Уполномоченным органом Предприятия является Государственное учреждение «Управление общественного здравоохранения города Нур-Султан» (далее – Уполномоченный орган).

3. Полное наименование Предприятия: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная городская детская больница № 2» акимата города Нур-Султан.

Сокращенное наименование Предприятия: ГКП на ПХВ «Многопрофильная городская детская больница № 2» акимата города Нур-Султан.

4. Местонахождение Предприятия: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район «Алматы», проспект Рақымжан Қошқарбаев, здание 64.

2. Юридический статус Предприятия

5. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

6. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печать с изображением Государственного герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

7. Предприятие может создавать филиалы и представительства в

соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

9. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области здравоохранения.

10. Целью деятельности Предприятия является оказание высокотехнологичной, специализированной, квалифицированной медицинской помощи а также оказание амбулаторно-поликлинической помощи населению.

11. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) обеспечение в полном объеме высокоспециализированной, специализированной, квалифицированной стационарной и амбулаторной медицинской помощи детскому населению по специальностям:

хирургическая: общая хирургия, гнойно-септическая хирургия, пластическая хирургия, нейрохирургия, оториноларингология, офтальмология (микрохирургия глаза), челюстно-лицевая хирургия, стоматология, урология, травматология и ортопедия, комбустиология;

анестезиология и реаниматология;

педиатрия: нефрология, неврология, реабилитология, кардиология ревматология, гастроэнтерология, пульмонология, эндокринология;

аллергология (иммунология), гематология, токсикология;

трансфузиология и эфферентная терапия;

лучевая диагностика: рентгенологическая, ультразвуковая, магнитно-резонансная томография, компьютерная томография;

лабораторная диагностика: общеклинические, бактериологические (полимеразная цепная реакция, воздушно-капельная инфекция, кишечная инфекция, серологические исследования, особо опасные инфекции, исследования на стерильность, внутрибольничный контроль), биохимические, иммуноферментные, цитологические исследования;

функциональная диагностика: электроэнцефалография, реоэнцефалография, электрокардиография, эхокардиография, спирография;

2) оказание консультативно-диагностической медицинской помощи детскому населению по следующим специальностям:

терапевтического профиля: пульмонолог, невропатолог, сурдолог, гематолог, гепатолог, онколог, эндокринолог, гастроэнтеролог, кардиолог, ревматолог, аллерголог, нефролог, дерматолог, психотерапевт, реабилитолог, инфекционист, физиотерапевт, иглорефлексотерапевт;

хирургического профиля: офтальмолог, оториноларинголог, травматолог-ортопед, хирург, пластический хирург, уролог, гинеколог, челюстно-лицевой хирург, стоматолог, стоматолог-ортодонт, эндоскопист, проктолог;

специалистов педагогического профиля: логопед, психолог, дефектолог, сурдопедагог, сурдолог, психолог, психотерапевт;

клинико-диагностическая лаборатория: общеклинические, бактериологические, полимеразная цепная реакция, биохимические, иммуноферментные исследования;

лучевая диагностика: рентгенологическая, ультразвуковая, ультразвуковая доплерография;

функциональная диагностика: электроэнцефалография, реоэнцефалография, электрокардиография, эхокардиография, электромиография;

экспертиза: экспертиза временной нетрудоспособности, экспертиза качества оказания медицинской помощи;

кабинет ректороманоскопии;

кабинет колоноскопии;

3) оказание скорой и неотложной медицинской помощи при острых формах заболеваний, травмах, вне зависимости от района обслуживания и возраста обратившегося;

4) разработка и внедрение в практику работы современных методов профилактики, диагностики и лечения больных;

5) организация и проведение санитарно-гигиенической и противоэпидемической медицинской деятельности;

6) приобретение на основании лицензии лекарственных средств, изделий медицинской техники, приготовление лекарственных форм;

7) осуществление закупок лекарственных средств, профилактических (иммунобиологических, диагностических, дезинфицирующих) препаратов в рамках оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

8) оказание квалифицированных консультаций лечебным учреждениям столицы;

9) проведение преддипломной и последипломной подготовки специалистов на основе договора с высшими медицинскими учебными заведениями, колледжами; организация мастер-классов, научно-практических конференций;

10) оказание платных медицинских услуг населению и организациям на договорной основе в рамках установленных законодательством Республики Казахстан норм;

11) оказание платных медицинских услуг населению в рамках установленных законодательством Республики Казахстан норм.

Виды деятельности, подлежащие обязательному лицензированию, осуществляются Предприятием после получения соответствующей лицензии.

12. Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

13. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску местного исполнительного органа либо прокурора.

14. Действия руководителя, направленные на осуществление Предприятием неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

4. Управление Предприятием

15. Акимат:

1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия;

2) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения или уполномочивает на это исполнительный орган, финансируемый из местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом;

3) закрепляет коммунальное имущество за Предприятием;

4) дает согласие на создание Предприятием филиалов и представительств;

5) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

6) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

16. Руководителем и исполнительным органом Предприятия является директор, который назначается на должность и освобождается от должности Уполномоченным органом.

17. Общее управление Предприятием осуществляет Уполномоченный орган, который в установленном порядке:

1) организуют и осуществляют мониторинг и контроль за деятельностью Предприятия;

2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;

3) осуществляет контроль выполнения планов развития Предприятия;

4) по представлению директора Учреждения назначает на должность и освобождает от должности его заместителей (заместителя);

5) осуществляет иные полномочия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

18. Назначение директора, проведение его аттестации осуществляются в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

19. Уполномоченный орган оформляет трудовые отношения с директором Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

В трудовом договоре, помимо условий, установленных Трудовым кодексом Республики Казахстан, определяется ответственность директора Предприятия за несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет.

20. Директор Предприятия несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия.

Организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование.

21. Директор Предприятия несет персональную ответственность за организацию противодействия коррупции на Предприятии.

22. Директор Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

23. Директор Предприятия:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

8) утверждает формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, систему премирования и иного вознаграждения работников Предприятия (за исключением своих заместителей и главного (старшего) бухгалтера), в пределах установленного фонда оплаты труда;

9) представляет Уполномоченному органу кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

10) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

11) назначает на должность и освобождает от должности директоров филиалов и представительств Предприятия по согласованию с Уполномоченным органом;

12) утверждает положения о филиалах и представительствах Предприятия;

13) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

24. Органом управления Предприятия является наблюдательный совет, который в установленном порядке:

1) дает заключение Уполномоченному органу по проекту плана развития Предприятия, внесению изменений и дополнений в него;

2) согласовывает проект отчета о выполнении плана развития, предварительно утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

3) принимает решение о распределении спонсорской и благотворительной помощи и средств, полученных из дополнительных источников, в том числе части чистого дохода, оставшегося в распоряжении Предприятия;

4) беспрепятственно ознакомливается с документацией Предприятия и его структурных подразделений для контроля целевого использования бюджетных средств и средств, полученных из дополнительных источников, и вносит предложения Уполномоченному органу для осуществления проверки целевого использования указанных средств;

5) согласовывает предложения Уполномоченного органа по вопросам назначения директора Предприятия и расторжения трудового договора с ним;

6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления работникам, директору Предприятия, его заместителям, главному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденным планом развития Предприятия;

7) назначает, определяет срок полномочий и размер заработной платы секретаря Наблюдательного совета, досрочно прекращает его полномочия;

8) вносит предложения Уполномоченному органу о внесении изменений и дополнений в Устав Предприятия;

9) вырабатывает предложения по приоритетным направлениям деятельности Предприятия;

10) вносит предложения Уполномоченному органу об участии Предприятия в других юридических лицах;

11) вносит предложения Уполномоченному органу по созданию и закрытию филиалов, представительств Предприятия;

12) заседания наблюдательного совета Предприятия проводятся по мере необходимости, но не менее одного раза в квартал;

13) заседание наблюдательного совета Предприятия может созываться его председателем по собственной инициативе, по требованию Уполномоченного органа члена наблюдательного совета или директора государственного предприятия на праве хозяйственного ведения;

14) заседание наблюдательного совета Предприятия является правомочным, если все члены наблюдательного совета извещены о времени и месте его проведения и на заседании присутствует более половины членов наблюдательного совета. Передача членом наблюдательного совета своего голоса другому члену наблюдательного совета или другому физическому лицу (по доверенности) не допускается;

15) каждый член наблюдательного совета имеет при голосовании один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председателя наблюдательного совета государственного предприятия на праве хозяйственного ведения;

16) решения наблюдательного совета оформляются в письменной форме и подписываются всеми членами наблюдательного совета.

Для осуществления мониторинга эффективности финансово-хозяйственной деятельности Предприятия, по решению Уполномоченного органа может быть образована служба внутреннего аудита.

5. Имущество Предприятия

25. Имущество Предприятия составляют активы, стоимость которых отражается на его балансе.

26. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Предприятия.

27. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

28. В Предприятии может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

29. Приобретение и прекращение права хозяйственного ведения осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного

вещного права.

30. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в хозяйственном ведении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в Предприятие, установленном законодательством Республики Казахстан, для приобретения права собственности.

31. Право хозяйственного ведения на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

32. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

33. Право хозяйственного ведения на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных пунктом 35 настоящего Устава.

34. Помимо общих оснований прекращения права хозяйственного ведения, предусмотренных пунктом 29 настоящего Устава, право хозяйственного ведения прекращается в случаях правомерного изъятия имущества Предприятия по решению собственника.

К случаям правомерного изъятия, в частности, относятся:

изъятие имущества, которое не отвечает целям уставной деятельности Предприятия на праве хозяйственного ведения;

изъятие излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению имущества.

35. В решении об изъятии имущества, находящегося на праве хозяйственного ведения, Акимат устанавливает Предприятию сроки содержания и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу.

36. Предприятие вправе с письменного согласия Акимата по представлению Уполномоченного органа создавать филиалы, представительства.

37. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве хозяйственного ведения.

38. Деньги, полученные от сделок с имуществом, указанные в пунктах 36 и 37 настоящего Устава, используются Предприятием самостоятельно, если иное не установлено Бюджетным кодексом Республики Казахстан или Уполномоченным органом.

6. Финансирование деятельности

39. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

Порядок разработки и утверждения планов развития Предприятия определяется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

40. Норматив отчисления части чистого дохода Предприятия устанавливается Акиматом.

Часть чистого дохода Предприятия по установленным нормативам подлежит зачислению в соответствующий бюджет в порядке, установленном Бюджетным кодексом Республики Казахстан.

Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

41. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

42. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

7. Уставный капитал

43. Размер уставного капитала Предприятия составляет 808604814 (восемьсот восемь миллионов шестьсот четыре тысячи восемьсот четырнадцать) тенге 44 тиына.

Уставный капитал полностью сформирован собственником (учредителем) на момент государственной регистрации Предприятия.

8. Учет и отчетность

44. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности в Республике Казахстан и учетной политикой, утверждаемой директором Предприятия по согласованию с Уполномоченным органом в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности.

45. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

46. Предприятие с наблюдательным советом проводит аудит годовой финансовой отчетности, который может проводиться по инициативе наблюдательного совета, директора, Акимата за счет средств Предприятия.

9. Ответственность

47. Предприятие отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

48. Государство не отвечает по обязательствам Предприятия, за исключением случаев банкротства, которое было вызвано действиями учредителя. В этом случае государство отвечает по обязательствам Предприятия при недостаточности средств последнего для удовлетворения требований кредиторов.

10. Оплата труда работников

49. Размер фонда оплаты труда Предприятия ежегодно устанавливается Акиматом.

50. Формы оплаты труда, штатное расписание, размеры должностных окладов, система премирования и иного вознаграждения определяются Предприятием самостоятельно в пределах установленного фонда оплаты труда.

51. Размеры должностных окладов директора Предприятия, его заместителей, главного бухгалтера, система их премирования и иного вознаграждения устанавливаются Акиматом.

11. Взаимоотношения с трудовым коллективом

52. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом республики Казахстан и коллективным договором.

53. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

12. Реорганизация и ликвидация

54. Реорганизация и ликвидация Предприятия производится по решению Акимата.

Предприятие может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан.

55. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет Акимат.

56. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется Акиматом.

Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

13. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

57. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносит Акимат.

Немірленген және тігілген
«21» жиырма бір парак
Пронумеровано и
прошнуровано
«21» двадцать один лист

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ АҚ ШЕРКЕСІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНДА
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛГІЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІСІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН
Барлығы 21 (жиырма бір)
2010 ж. «16» 07